

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы Басқармасының
2025 жылғы 30 желтоқсандағы
шешімімен (№57 хаттама) бекітілген

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында оқу
үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын
тағайындау конкурсын өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында оқу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III және ««Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Қазақстан Республикасының заңдарына, Жоғары қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының жарғысының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі №164 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты шеңберінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі - Мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 тамыздағы №255 бұйрығымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау қағидалары мен мөлшерлеріне (бұдан әрі – Грант тағайындау ережесі) сәйкес дайындалды және Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындауға үміткерлерді конкурстық іріктеуді өткізу мен жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде келесі анықтамалар қолданылады:

1) бірыңғай сараланған тізімдер – Грант тағайындау ережесіне сәйкес оқу тіліне қарамастан кешенді тестілеудің жалпы балдары кему ретімен сараланған Назарбаев Зияткерлік мектептер (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) бөлінісіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындауға үміткерлердің тізімдері;

2) конкурс - Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау үшін конкурсқа қатысуға үміткерлерді конкурстық іріктеу;

3) кешенді тестілеу - Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты негізінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында (бұдан әрі - ДББҰ) оқу үшін үміткерлерді объективті әрі салыстыруға

болатын іріктеуді қамтамасыз ету мақсатында стандартталған жағдайларда жүргізілетін, білім алушылардың академиялық дайындық деңгейін, зияткерлік қабілеттері мен оқу дағдыларын әртүрлі пәндер, бөлімдер және (немесе) білім беру бағыттары бойынша бағалау нысаны.

4) Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты (бұдан әрі – грант) – ДББҰ-да дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайтын грант;

5) жалпы резервтік тізім – барлық Зияткерлік мектептердің грант иегерлерін қоспағандағы барлық грант тағайындауға үміткерлердің оқу тіліне қарамастан кешенді тестілеудің жалпы балдары кему ретімен құрылған ағымдағы оқу жылына жарамды бірыңғай сараланған тізімі;

6) портал - «электрондық үкімет» веб-порталы;

7) конкурсқа қатысуға үміткер (бұдан әрі – үміткер) - орта білім беру ұйымында оқып жүрген, конкурсқа қатысқысы келетін Қазақстан Республикасының азаматы;

8) грант тағайындауға үміткер – кешенді тестілеу нәтижесінде шекті балл жинаған конкурсқа қатысушы;

9) қабылдау комиссиясы – құжаттарды қабылдау, тексеру және үміткерлерді конкурстық іріктеу процесін ұйымдастыру жөніндегі комиссия;

10) теңестірілген балл (бұдан әрі - балл) – тест нұсқасына немесе тапсырмалардың күрделілік деңгейіне қарамастан әртүрлі конкурсқа қатысушылардың нәтижелерін объективті салыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін белгілі бір әдістеме (формула) арқылы бірыңғай шкалаға келтірілген, бағалауды стандартталған және салыстырмалы ететін түрлендірілген бастапқы балл;

11) резервтік тізім – кешенді тестілеу нәтижелері бойынша жалпы балдары кему ретімен сараланған грант иегерлерін қоспағандағы шекті балдарды жинаған грант тағайындауға үміткерлердің Зияткерлік мектептер бөлінісіндегі ағымдағы оқу жылына жарамды тізімі;

12) конкурсқа қатысушы – кешенді тестілеуге қатысқан орта білім беру ұйымында оқитын Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Құжаттарды қабылдау тәртібі

3. Құжаттарды қабылдау мерзімі мен орны және конкурс өткізу мерзімдері ДББҰ Басқарма шешімімен анықталып, ДББҰ интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын әлеуметтік желідегі ресми аккаунттарында жарияланады.

4. Құжаттарды қабылдау Портал арқылы немесе қағаз тасымалдағышта Зияткерлік мектептердің қабылдау комиссиялары арқылы жүзеге асырылады. Конкурсқа қатысуға үміткердің заңды өкілі конкурсқа қатысу үшін өтінішті және (немесе) құжаттарды тек бір ғана Зияткерлік мектепке тапсыра алады.

5. Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен педагогтерден, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші жұмыскерлерден тұратын қабылдау комиссиясы құрылады.

Жаңадан ашылуға жоспарланып отырған Зияткерлік мектептерге конкурсқа қатысуға үміткерлерді конкурстық іріктеу өткізген жағдайда ДББҰ Басқарма Төрағасы бұйрығымен Зияткерлік мектеп желілерінің педагогтерінен, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші жұмыскерлерден, басшыларының келісімі бойынша білім беру ұйымдарының өзге де қызметкерлерінен тұратын қабылдау комиссиясы құрылады.

6. Конкурсқа қатысуға үміткердің заңды өкілі Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес өтініш пен құжаттарды тапсырады.

Қажет болған жағдайда Зияткерлік мектептің талабы бойынша заңды өкілдер конкурсқа қатысуға үміткердің, конкурсқа қатысушының, грант тағайындауға үміткердің, грант иегерінің Қазақстан Республикасының азаматы екенін растайтын құжатты ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасы азаматы екенін растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Зияткерлік мектептер өтініштерді және (немесе) конкурсқа қатысуға үміткердің құжаттарын қабылдаудан бас тартуға, ДББҰ конкурсқа қатысушыға, грант тағайындауға үміткерге грант тағайындамауға немесе грант иегерін Зияткерлік мектепке қабылданғанға дейін гранттан айыруға құқылы.

Құжаттарды қағаз тасымалдағышта тапсырған жағдайда барлық құжаттар папкаға тігілуі тиіс.

7. Қабылдау комиссиясы өтініш және (немесе) құжаттар түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде құжаттар топтамасының Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында белгіленген тәртіпке және осы Ережеге сәйкес рұқсаттама немесе дәлелді бас тарту жібереді / ұсынады.

8. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлердің өтініштерін, құжаттарын қабылдаудан бас тартуға келесілер негіз болады:

- заңды өкілдер таспырған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі;

- ұсынылған құжаттардың және (немесе) материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары мен Грант тағайындау ережесінде бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде: конкурсқа қатысуға үміткердің конкурсқа қатысу үшін ұсынған фотосуретінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; білім беру ұйымы берген табель / анықтама немесе өзге ресми құжатының Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; Қазақстан Республикасы азаматтығының жоқтығы;

- конкурсқа қатысуға үміткердің заңды өкілінің «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес шектеулі қолжетімді дербес деректерге қол жеткізуге берген келісімінің болмауы;

- жарамды өтініштің немесе рұқсаттаманың болуы.

3. Конкурсты өткізудің шарттары

9. Конкурс кешенді тестілеу негізінде жүргізіледі.

10. Конкурсқа қатысуға келесі конкурсқа қатысуға үміткерлер жіберіледі:

1) орта білім беру ұйымдарында оқитын және Зияткерлік мектептердің 7-9 сыныптарынан бастап грант шеңберінде білім алуға үміткерлер;

2) заңды өкілдері Мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес өтінішті және (немесе) құжаттарды тапсырған және жарамды рұқсат қағазы барлар;

Конкурсқа қатысуға үміткерлерде кешенді тестілеу күндері өзімен бірге түрлі-түсті принтерде басып шығарылған рұқсат қағазы болуы қажет;

3) конкурстық іріктеу күндері Зияткерлік мектепке рұқсат қағазда және (немесе) ДББҰ интернет-ресурсында көрсетілген тіркеу уақытында келгендер;

Кешенді тестілеудің бірінші күні болмаған конкурсқа қатысуға үміткер кешенді тестілеудің келесі күндеріне жіберілмейді.

11. Конкурс өткізу барысында конкурсқа қатысуға үміткерлер, конкурсқа қатысушылар осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ережені сақтауға міндетті.

Белгіленген ережелерді немесе талаптарды бұзған жағдайда конкурсқа қатысуға үміткер(лер)ді және (немесе) конкурс қатысушы(ларын)сын Зияткерлік мектеп конкурсқа қатысудан шеттетіп, тестілеу нәтижелерін жоюға құқылы. Белгіленген ережелерді, талаптарды бұзған жағдайда және конкурсқа қатысуға үміткер(лер) және (немесе) конкурс қатысушы(лары)сы конкурсқа қатысудан шеттетілгенде тиісті акт жасалады.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

12. Конкурс шетелдік білім беру, бағалау саласында қызмет атқаратын және ДББҰ стратегиялық серіктестері болып табылатын ұйымдармен бірлесіп өткізілуі мүмкін.

13. Кешенді тестілеуді өткізу барысында конкурсқа қатысуға үміткерлерге және (немесе) конкурсқа қатысушыларына емтихан материалдары мен жауап парақтары ұсынылады.

Емтихан материалдарын және жауап парақтарын таратуға, жауап парақтарына қол қою мен тексеруге, конкурсқа қатысуға үміткерлердің, конкурсқа қатысушылардың тәртібі ережелерін және емтихан материалдарымен, жауап парақтарымен жұмыс істеуді түсіндіруге, сондай-ақ кешенді тест тапсырмаларын орындау жөніндегі нұсқаулықты тыңдауға жұмсалған уақыт кешенді тестілеу тапсырмаларын орындауға бөлінген уақытқа кірмейді.

14. Кешенді тестілеудің қағаз түріндегі нұсқасын қолданған жағдайда конкурсқа қатысуға үміткерлер және (немесе) конкурсқа қатысушылар барлық қажетті есептеулерді емтихан материалдарында орындайды, ал жауаптарды жауап парақтарында белгілейді.

Кешенді тестілеу нәтижелерін тексеру барысында нәтижелер конкурсқа қатысушылардың жауап парағынан есептеледі, емтихан материалдарындағы жазбалар қарастырылмайды.

15. Конкурсқа қатысушылардың кешенді тестілеу нәтижелерін жинау, өңдеу, тексеру және бағалау ДББҰ жауапты филиалы және (немесе) білім беру, бағалау саласында қызмет атқаратын, ДББҰ стратегиялық серіктестері болып табылатын шетелдік ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

16. Кешенді тестілеу нәтижелерін тексеру және бағалау конкурсқа қатысушылардың жауаптарын автоматтандырылған статистикалық өңдеу әдісімен жүзеге асырылады.

17. Конкурсқа қатысуға үміткерлердің және (немесе) конкурсқа қатысушылардың емтихан материалдары мен жауап парақтары жеке қарастырылмайды және конкурсқа қатысуға үміткерлердің, конкурсқа қатысушылардың, грант тағайындауға үміткерлердің, грант иегерлерінің заңды өкілдеріне немесе өзге де тұлғаларға берілмейді.

18. Конкурсты өткізу нәтижелері бойынша апелляция жүргізілмейді.

19. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген нұсқаулықпен реттеледі.

4.1. 7-сыныптарға конкурс өткізу тәртібі

20. 7-сыныптарға конкурс кешенді тестілеу түрінде өткізіледі және екі тесттен тұрады: жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау тесті және тілдік тест.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау бойынша тест үш бөлімнен тұрады:

- 1) «Математика» – 40 тапсырма;
- 2) «Сандық сипаттамалар» – 60 тапсырма;
- 3) «Жаратылыстану» - 20 тапсырма.

Тілдік тест үш бөлімнен тұрады:

- 1) «Қазақ тілі» – 20 тапсырма;
- 2) «Орыс тілі» – 20 тапсырма;
- 3) «Ағылшын тілі» – 20 тапсырма.

21. Кешенді тестілеу тапсырмаларын орындауға төмендегідей уақыт беріледі:

1) Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау тесті – 120 минут, соның ішінде «Математика» бөліміне – 60 минут, «Сандық сипаттамалар» бөліміне – 30 минут, «Жаратылыстану» бөліміне – 30 минут;

2) Тілдік тест – 120 минут.

22. Мүмкін болатын ең жоғары жалпы балл – 1500-ді құрайды, соның ішінде:

- «Математика» – 400 балл;
- «Сандық сипаттамалар» – 300 балл;
- «Жаратылыстану» – 200 балл;
- «Қазақ тілі» – 200 балл;
- «Орыс тілі» – 200 балл;
- «Ағылшын тілі» – 200 балл.

23. Грантты тағайындау конкурсына «Математика» бөлімінің мүмкін болатын ең жоғары балының отыз бес және одан да көп пайызын, бұл 140 және одан да көп балды жинаған және «Сандық сипаттамалар» бөлімінің мүмкін болатын ең жоғары балының қырық және одан да көп пайызын, бұл 120 және одан да көп балды жинаған конкурсқа қатысушылар жіберіледі.

24. Кешенді тестілеудің нәтижелері соңғы кешенді тестілеу аяқталған күннен бастап 40 күнтізбелік күннен кешіктірілмей ДББҰ интернет-ресурсында жарияланады. Кешенді тестілеу нәтижелері жариялаған күні ДББҰ интернет-ресурсында Зияткерлік мектептер бөлінісінде бөлінген гранттар саны жарияланады.

4.2. 8-9 сыныптарға конкурс өткізу тәртібі

25. 8-9 сыныптарға конкурс кешенді тестілеу түрінде жаңадан ашылатын Зияткерлік мектептерге өткізіледі.

26. Кешенді тестілеу бес бөлімнен (пәндерден) тұрады:

- 1) «Математика» - 30 тапсырма;
- 2) «Физика»/ «Химия»/ «Биология» – 30 тапсырма;
- 3) «Қазақ тілі» – 20 тапсырма;
- 4) «Орыс тілі» – 20 тапсырма;
- 5) «Ағылшын тілі» – 20 тапсырма.

Конкурсқа қатысуға үміткерлердің заңды өкілдері конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде «Физика», «Химия» немесе «Биология» пәндерінің бірін тандайды.

27. Кешенді тестілеудің бөлімдері бойынша тест тапсырмаларын орындауға келесі уақыт бөлінеді:

- 1) «Математика» - 45 минут;
- 2) «Физика» / «Химия» / «Биология» - 45 минут;
- 3) «Қазақ тілі» - 30 минут;
- 4) «Орыс тілі» - 30 минут;
- 5) «Ағылшын тілі» – 30 минут.

28. Кешенді тестілеу қағаз және (немесе) электронды тест нұсқаларында жүргізіледі.

29. Тестілеудің электрондық нұсқасы компьютерде өткізіледі. Қажетті есептеулерді орындау үшін конкурсқа қатысуға үміткерге және (немесе) конкурсқа қатысушыға қосымша қағаз парақтары беріледі. Кешенді тестілеудің нәтижелерін бағалау кезінде қағаз парақтар қарастырылмайды.

30. Мүмкін болатын ең жоғары жалпы балл – 1200-ді құрайды, соның ішінде:

- «Математика» – 300 балл;
- «Физика»/ «Химия» / «Биология» – 300 балл;
- «Қазақ тілі» - 200 балл;
- «Орыс тілі» - 200 балл;
- «Ағылшын тілі» - 200 балл.

31. Грантты тағайындау конкурсына «Математика» және «Физика»/«Химия»/«Биология» бөлімдері бойынша мүмкін болатын ең жоғары балдың отыз бес және одан да көп пайызын жинаған конкурсқа қатысушылар жіберіледі, бұл бөлімдердің әрқайсысынан 105 және одан да көп балды құрайды.

32. Кешенді тестілеудің нәтижелері соңғы кешенді тестілеу аяқталған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей ДББҰ интернет-ресурсында жарияланады. Кешенді тестілеу нәтижелері жарияланған күні ДББҰ интернет-

ресурсында Зияткерлік мектептер бөлінісінде бөлінген гранттар саны жарияланады.

5. Грант тағайындау тәртібі

33. Грант конкурстық негізде кешенді тестілеу өткізу арқылы грант тағайындауға үміткерлерге тағайындалады.

34. ДББҰ Басқармасы осы Ереженің, Мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары мен Грант тағайындау ережесінің талаптарының негізінде бірыңғай сараланған тізімді, грант иегерлерінің тізімдерін, резервтік тізімдерді және жалпы резервтік тізімді бекітеді.

35. Грант ДББҰ Басқармасымен республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде нақты Зияткерлік мектептер бойынша тағайындалады.

36. Грант кешенді тестілеу нәтижесінде жалпы балдары кему ретімен сараланған тізімдерге сәйкес ең жоғары жалпы балл алған грант тағайындауға үміткерлерге тағайындалады.

37. Зияткерлік мектептер арасында гранттарды бөлу, қайта бөлу ДББҰ Басқармасы шешімімен жүзеге асырылады.

38. Конкурсқа қатысуға үміткердің немесе конкурсқа қатысушының немесе грант тағайындауға үміткердің Қазақстан Республикасы азаматтығының жоқтығы немесе азаматтығы тоқтатылғаны анықталған жағдайда, оған грант тағайындалмайды. Зияткерлік мектепке қабылдауға дейін грант иегерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқтығы немесе азаматтығы тоқтатылғаны анықталған жағдайда ДББҰ Басқара шешімімен ол гранттан айырылады.

Зияткерлік мектеп заңды өкілдерге конкурсқа қатысуға үміткерге, конкурсқа қатысушыға, грант тағайындауға үміткерге грант тағайындалмайтыны, ал грант иегерінің гранттан айырылатыны туралы хабарлайды.

39. Грант иегерін Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқтығы немесе азаматтығы тоқтатылғанына қатысты гранттан айырған жағдайда, грантты қайта тағайындауға және оны резервтік тізімге, жалпы резервтік тізімге қайта енгізуге жол берілмейді.

40. Бірыңғай сараланған тізім, грант иегерлерінің тізімдері, резервтік тізімдер және жалпы резервтік тізім ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде ДББҰ интернет-ресурсында жарияланады.

41. Өз еркімен гранттан бас тартқан жағдайда грант иегерінің заңды өкілі осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысанда ДББҰ Басқарма Төрағасының атына гранттан бас тарту туралы өтініш жазады. Өз еркімен гранттан бас тартқан жағдайда грантты қайта тағайындауға және оны резервтік тізімге, жалпы резервтік тізімге қайта енгізуге жол берілмейді.

42. Гранттан бас тартудан немесе гранттан айырған жағдайда босаған грантар вакантты болып саналады және бекітілген тәртіпте резервтік тізімдердегі және (немесе) жалпы резервтік тізімдегі грант тағайындауға үміткерлерге тағайындалады немесе Зияткерлік мектептер арасында қайта бөлуге жатады.

43. Ваканттық орын болған жағдайда және белгілі бір Зияткерлік мектепте

резервтік тізім болмаса ДББҰ Басқармасы жалпы резервтік тізімге сәйкес гранттарды басқа Зияткерлік мектептер арасында қайта бөлуге құқылы.

Грант алу құқығы ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген жалпы резервтік тізімдегі неғұрлым жоғары жалпы балл жинаған грант тағайындауға үміткерлерге беріледі.

6. Резервтік тізімді құру тәртібі

44. Үміткерлердің резервтік тізімі Зияткерлік мектеп бөлінісінде әрбір оқу сыныбы бойынша жеке қалыптастырылады және ДББҰ Басқарма шешімімен бекітіледі.

45. Жалпы резервтік тізім әрбір оқу сыныбы бойынша жеке қалыптастырылады және ДББҰ Басқарма шешімімен бекітіледі.

46. Резервтік тізімдер және жалпы резервтік тізім ваканттық орындар болған жағдайда грант тағайындау мақсатында бекітіледі және олар тек ағымдағы оқу жылына ғана жарамды.

47. Резервтік тізімге енгізілген грант тағайындауға үміткердің Заңды өкілі резервтік тізімдегі, жалпы резервтік тізімдегі орнынан және тиісті сыныптағы оқуға гранттың әрі қарай берілуінен бас тартуға құқылы, бұл туралы ДББҰ Басқарма Төрағасының атына осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес өтініш жазады. Сондай-ақ резервтік тізімге, жалпы резервтік тізімге қайта енгізу және грантты кейіннен тағайындауға тыйым салынады.

7. Қорытынды ережелер

48. Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар ДББҰ Басқармасының шешіміне сәйкес енгізіледі.

49. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер ДББҰ бекітілген нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ДББҰ шешіледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру
ұйымында оқу үшін Қазақстан Республикасы
Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау
конкурсын өткізу ережесінің 1-қосымшасы

Конкурсқа қатысуға үміткерлердің, конкурсқа қатысушылардың конкурсқа қатысу барысындағы және емтихан материалдарымен, жауап парақтарымен жұмыс істеу тәртібінің ережесі

**Конкурс барысында конкурсқа қатысуға үміткерлерге және (немесе)
конкурсқа қатысушыларға тыйым салынады:**

- 1) емтихан материалдарын, жауап парақтарын өзара алмасуға және көшіріп жазуға;
- 2) анықтамалық ақпараттары бар кез келген материалдарды, соның ішінде оқулықтар, кітаптар, шпаргалкалар, сөздіктер, сызғыштар, қаламсауыттар және басқа да осындай заттарды өзімен бірге алуға немесе пайдалануға;
- 3) кез келген іздеу жүйелерін, сайттарды, жасанды интеллекті бар ресурстарды, ұялы телефондарды, смартфондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды, калькуляторларды және басқа да ақпараттық-есептеу құрылғыларын – бұл тестілеу аудиториясында да, сондай-ақ оның сыртында (дәлізде, гардеробта, әжетханада және т.б.) өзімен бірге алып кіруге немесе пайдалануға;
- 4) тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін жауап парағын толтыруға және қаламмен, қарындашпен жазуға, сондай-ақ емтихан материалдарын, жауап парағын, шимай парақты және тапсырма жазбаларын тестілеу аудиториясынан алып шығуға;
- 5) тестілеу әкімшісі немесе кезекшінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға, басқа конкурсқа қатысуға үміткерлермен, конкурсқа қатысушылармен сөйлесуге, өз бетінше орнын ауыстыруға, орнынан тұруға немесе аудитория ішінде жүруге, сондай-ақ басқа конкурсқа қатысуға үміткерлерге, конкурсқа қатысушыларына тест тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін шу немесе өзге де әрекеттер жасауға;
- 6) қарындаштар мен түзетуші сұйықтықтарды пайдалануға, жауап парағын қара сиялы шарикті қаламсаптан басқа гельді және басқа да сия түрлерімен жазатын қаламсаппен толтыруға;
- 7) бір тапсырмаға екі немесе одан да көп жауап нұсқаларын бояуға, жауапты толық боямауға (толық боялмаған немесе бір тапсырмаға бірден артық жауап боялған жағдайда жауап есептелінбейді);
- 8) жауап парағында жауаптарды сызуға, ластауға, бүктеуге, жыртуға, емтихан материалдарын және жауап парақтарын бүлдіруге, жауап парағын шимай парақ ретінде пайдалануға, сондай-ақ арнайы бөлінген секторлардан тыс жерлерге белгілер немесе жазбалар жазуға;
- 9) рұқсатнама қағазын шимай парақ ретінде пайдалануға;
- 10) балағат сөздер жазуға, конкурсқа қатысуға үміткерлерге, конкурсқа қатысушылар мен қабылдау комиссиясы мүшелеріне құрметсіздік көрсетуге, жеке байланыс деректерін көрсетуге тыйым салынады.

Конкурсқа қатысуға үміткерлер және (немесе) конкурсқа қатысушылар жоғарыдағы ережелерді бұзған жағдайда Зияткерлік мектеп оны кешенді тестілеу нәтижелерін жойып конкурстан шеттетуге құқылы.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында оқу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесінің 2-қосымшасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Басқарма Төрағасына

_____ (баланың Т.А.Ә.)

Заңды өкілінен

_____ (заңды өкілдің Т.А.Ә.)

_____ (заңды өкілдің ЖСН)

_____ (заңды өкілдің байланыс телефоны)

**Қазақстан Республикасы Президентінің
«Өркен» білім беру грантынан бас тарту туралы өтініш**

Мен, _____,

_____ (заңды өкілдің Т.А.Ә.)

_____ (Зияткерлік мектептің атауы)

оқыту _____ тіліндегі _____ сыныптан бастап білім алу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты тағайындалған

_____,
(грант иегерінің толық Т.А.Ә., ЖСН)

заңды өкілі _____ байланысты
(нақты себебін көрсетіңіз)

гранттан бас тартамын.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ға шағымым жоқ.

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Қолы _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес
білім беру ұйымында оқу үшін Қазақстан
Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру
грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесінің
3-қосымшасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Басқарма төрағасына

(баланың Т.А.Ә.)

Заңды өкілінен

(заңды өкілдің Т.А.Ә.)

(заңды өкілдің ЖСН)

(заңды өкілдің байланыс телефоны)

**Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын
тағайындау үшін резервтік тізімдердегі орыннан бас тарту туралы өтініш**

Мен, _____,

(заңды өкілдің Т.А.Ә.)

(Зияткерлік мектептің атауы)

оқу _____ тіліндегі _____ сыныптан бастап білім алу үшін
Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын (бұдан әрі -
грант) тағайындау конкурсының қатысушысы

(грант тағайындауға үміткердің толық Т.А.Ә., ЖСН)

заңды өкілі _____ байланысты

(нақты себебін көрсетіңіз)

осы мектептің резервтік тізіміндегі орыннан, Зияткерлік мектептердің жалпы
резервтік тізіміндегі орыннан және бұдан әрі сәйкес сыныпта оқу үшін грант
тағайындаудан бас тартамын.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ға шағымым жоқ.

«____» _____ 20____ ж.

Қолы _____